

Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар кәсіпкерлік қызмет субъектілері туралы дерекқор жасау проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 15 қантардағы N 9-ө өкімі

Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар кәсіпкерлік қызмет субъектілері туралы дерекқор жасау проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Ведомствоаралық жұмыс тобы мынадай құрамда құрылсын:

- | | |
|-------------------|--|
| Бейсембаев | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, жетекші |
| Мұхтар Таңатұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Шағын бизнесі қолдау жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары, жетекшінің орынбасары |
| Баялиев | - Қазақстан Республикасы Бас прокуратура. |
| Рұстем Ахатханұлы | сының Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау жөніндегі департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша) |
| Қосдәүлетов | - Қазақстан Республикасы Бас прокуратура. |
| Дулат Рашитұлы | сының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің талдау жұмысы мен құқықтық реттеу басқармасының бастығы (келісім бойынша) |
| Тұрапов | - Қазақстан Республикасы Бас прокуратура. |
| Әділ Жұнісбекұлы | сының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің талдау жұмысы мен құқықтық реттеу басқармасының бастығы (келісім бойынша) |
| Қалиев | - Қазақстан Республикасы Әділет министр. |
| Руслан Сұлтанұлы | лігінің Заң департаменті заңдылықты жүйелендіру бөлімінің жетекші маманы |
| Душаева | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік |
| Айгүл Раульқызы | сатып алу жөніндегі агенттігі мониторингі және талдау басқармасының бас маманы, хатшы |

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы 2004 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің базасында сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар кәсіпкерлік қызмет субъектілері туралы дерекқор жасау проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстар енгізсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК